# За политехнические знания

№8(1644) | 31 қазан 2025 ж.

ҚарТУ газеті 1958 жылдан бастап ай сайын шығады

www.kstu.kz

SAGINOV TECHNICAL UNIVERSITY 1953




# 2024-2025 оқу жылындағы ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

**Қарағанды облысының ақпараттық-талдамалық орталығында өткен брифинг барысында Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің 2024–2025 оқу жылындағы білім беру, ғылыми, тәрбие және қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі нәтижелері таныстырылды.**

Университет ректоры атап өткендей, өткен кезең жоғары білім беру жүйесі үшін белсенді өзгерістер мен жаңа бағыттарды айқындаған уақыт болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында атап өткендей, еліміздің басты міндеттерінің бірі — цифрландыру мен жасанды интеллект технологиялары жағдайында жұмыс істей алатын мамандарды даярлау болып табылады. Осы орайда техникалық және аймақтық жоғары оқу орындарының рөлі ерекше маңызға ие.

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті бүгінде еліміздің индустриялық дамуына үлес қосып отырған жетекші инженерлік-техникалық жоғары оқу орындарының бірі болып табылады.

Университетте бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлерінде 100 білім беру бағдарламасы, 13 әскери мамандық және 15 колледж бағдарламасы жүзеге асырылуда. 2024–2025 оқу жылында білім алушылар саны 9,25 %-ға өсіп, 9 202 адамды құрады. Қабылдау көрсеткіші 3 359 адамға жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 44 %-ға артты.

Білім беру сапасы ұлттық және халықаралық рейтингтермен расталды. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының рейтингінде 30 бағдарламаның 26-сы ТОП-10 қатарына енсе, НААР рейтингінде барлық 50 бағдарлама үздік ондықта орналасқан. Ал QS World University Rankings 2025 халықаралық рейтингінде университет 851+ позициясын иеленді.

Бейресми білім беруді мойындау тәжірибесін кеңейтіп, түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі 90 %-ға жетті. Қазіргі уақытта университетте 102 мамандандырылған зертхана жұмыс істейді.

Президент тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылып жатқан ұлттық AI SANA жобасы аясында университет «зәкірлік» жоғары оқу орны ретінде бекітілді. Барлық студенттер Huawei платформасында жасанды интеллект бойынша курстардан өтті, ал оқытушыларға арналған біліктілікті арттыру бағдарламалары іске қосылды.

Кадрлық әлеует университет қызметінің басым бағыты болып қала береді. Қазіргі таңда оқу үдерісіне 587 оқытушы мен 80-нен астам өндіріс маманы қатысады, олардың ішінде 30 ғылым докторы, 150 ғылым кандидаты және 88 PhD докторы бар.

Ғылыми зерттеулердің жалпы қаржыландыру көлемі 2 млрд. теңгеден асты. Соңғы үш жылда мемлекеттік ғылыми жобаларға бөлінетін қаражат төрт есеге өсіп, 1,2 млрд. теңгеге жетті. 2024 жылы университеттің ғалымдары мен студенттері 57 ғылыми мақала жариялап, 74 халықаралық және 49 республикалық байқаулардың жеңімпаздары атанды.

Халықаралық ынтымақтастық шеңберінде университет 23 елдің жоғары оқу орындарымен 152 серіктестік келісімге қол қойған. Студенттер Польша, Германия, Чехия, Қытай және басқа елдерде академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша білім алуда.

Сонымен қатар, университет әлеуметтік, мәдени және спорттық өмірге белсенді қатысатын 2000-нан астам студентті біріктіретін 21 студенттік клуб пен ұйымның жұмысын дамытып келеді. Университет командасы «University League — 2024» футзал чемпионатында Қазақстан чемпионы атанды.

Ректор өз сөзін Мемлекет басшысының сөздерімен қорытындылады:

— *Қазақстанның тұрақты дамуының негізі — ғылым, білім және инновациялар.*

Осы бағытта университет аймақтың индустриялық-инновациялық дамуына үлес қоса отырып, өзінің стратегиялық мақсаттарын дәйекті түрде жүзеге асырып келеді.

## БҮГІНГІ НӨМІРДЕ
## ЧИТАЙТЕ В НОМЕРЕ




**Лаборатории и учебные центры**

Депутат Мажилиса Парламента посетил КарТУ имени Абылкаса Сагинова

Стр. 3.



**Научно-экспертная встреча**

Перспективы внедрения технологий искусственного интеллекта и цифровизации в обрабатывающую промышленность Казахстана

Стр. 4.



**Энергоэффективная архитектура будущего**

Профессор из Польши провел лекции для студентов и преподавателей

Стр. 7.

**Честное поколение**

Почти две тысячи студентов и преподавателей приняли участие в мероприятиях посвященных противодействию коррупции

Стр. 10.

# Saginov Technical University-ге Франция Елшілігінің өкілдері келді



**16 қазан күні Saginov Technical University-ге Франция елшісінің мәдениет және ынтымақтастық мәселелері жөніндегі кеңесшісі Себастьен де Куртуа мен оның көмекшісі, аудармашы Наталья Проскурякова келді.**



Бұл — алыс Франциядан келген қонақтардың біздің университетке алғаш келуі емес. Алайда Себастьен де Куртуа Қарағандыға алғаш рет табан тіреп отыр. Ол қонақжайлылық үшін алғыс білдіріп, кездесуге қатысқан университет өкілдерін әріптестерім деп атай алатынын атап өтті. Себебі ол кезінде Франция университетінде жаратылыстану ғылымдарын оқытқан. Осы саладағы өз тәжірибесіне сүйене отырып, ол француз әріптестерімен ынтымақтастықты дамытуға қатысты ұсыныстарды естуді қалайтынын айтты. Сонымен қатар кездесу барысында бұл ынтымақтастықтың қазіргі деңгейін айқындап, оны одан әрі дамыту мен тереңдету үшін қандай шаралар қажет екенін талқылауды көздеді.

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің Басқарма Төрағасы — Ректор Сауле Сагинтаева қонақтардың бастамаларын қолдап, оларды жүзеге асыруға дайын екенін білдірді.

Университет пен Франция арасындағы ынтымақтастық 2010 жылы басталған. Сол жылы мемлекет басшыларының қолдауымен біздің университетте Дәнекерлеу институты ашылған. Бұл бастаманы французның «TOTAL E&P Kazakhstan» компаниясы ұсынған. Кездесу кезінде университет басшылығы Себастьен де Куртуа мырзадан осы жобаны жалғастыруға қолдау көрсетуді ұсынды. Себебі бұл жоба арқылы көптеген білікті мамандар даярланған еді.

Алайда француз әріптестерімен ынтымақтастық бұнымен шектелмейді. Екі тарап та академиялық алмасу, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу және ортақ жобалар әзірлеу сияқты бағыттарға қызығушылық танытып отыр. Демек, бұдан бұрын басталған ынтымақтастық алдағы уақытта жаңа серпін алады деген сенім бар.

Қонақтарға университет туралы таныстырылым көрсетіліп, студенттік өмір жайлы бейнефильм ұсынылды.

# Бірлескен жобалардың болашағы



**18 қазан күні Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде Қытайдың University of Electronic Science and Technology of China (UESTC) делегациясының ресми сапары өтті.**



Іс-шара екі жоғары оқу орны арасындағы 2025 жылғы 2 қыркүйекте қол қойылған ынтымақтастық туралы Меморандум аясында ұйымдастырылды.

Сапардың негізгі мақсаты — академиялық және ғылыми ынтымақтастықтың перспективаларын талқылау, соның ішінде машина жасау, энергетика, ақпараттық технологиялар және электротехника бағыттарында бірлескен магистрлік бағдарламаларды жүзеге асыру болды.

Кездесуді университетінің Басқарма Төрағасы — Ректор Сауле Сагинтаева, стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректоры Канапьянов Т. Е. және халықаралық ынтымақтастық департаментінің директорының міндетін атқарушы Маударбекова Б. К. жүргізді.

UESTC делегациясының құрамына кіргендер:

Ло Гуаньшунь — вице-президент; Ю Лэ — компьютерлік ғылымдар факультетінің қабылдау комиссиясының жетекшісі; Ли Мэн — аэронавтика және астронавтика факультетінің қабылдау комиссиясының жетекшісі; Лю Тай — базалық және тереңдетілген зерттеулер факультетінің қабылдау комиссиясы төрағасының орынбасары; Жэнь Цзиньшэн — даму, жоспарлау және пән саясаты басқармасы басшысының орынбасары; Ли Ин — халықаралық ынтымақтастық және алмасу жөніндегі директордың орынбасары; Чжан Хуайцзе — кәсіпкер, Қытай бизнесінің өкілі.



Аудармашылық қолдау көрсеткендер: Конфуций институтының директоры Филиппова Т. С. және Конфуций институтының оқытушысы Чжоу Юаньци.

Сапар барысында университеттің ғылыми жетістіктері мен инновациялық жобаларының көрмесі ұйымдастырылды және университет басшылығымен кездесу өтті.

Тараптар бірлескен магистрлер даярлау бағдарламасын (1+1 Dual Master Degree) іске асыру мәселелерін талқылап, академиялық талаптар мен оқу мерзімдерін айқындады, сондай-ақ визалық қолдау, жатақханамен қамтамасыз ету және тілдік курстар сияқты ұйымдастырушылық мәселелерді келісті.

Келіссөздердің нәтижесінде тараптар жоғары білім беру, студенттер мен оқытушылар алмасу, сондай-ақ бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асыру саласында ынтымақтастықты одан әрі дамытуға дайын екендіктерін білдірді.

UESTC делегациясының сапары Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің халықаралық байланыстарын нығайтып, Қытайдың жетекші жоғары оқу орындарымен академиялық әріптестігін кеңейтуге маңызды қадам болды.

# Депутат Мажилиса Парламента РК Таңсәуле Серіков посетил Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова

**10 октября 2025 года в Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова с рабочим визитом прибыл депутат Мажилиса Парламента Республики Казахстан, доктор философии (PhD), ассоциированный профессор Таңсәуле Габдыманапулы Сериков.**




В ходе визита депутат ознакомился с научно-образовательной, лабораторной и инновационной инфраструктурой университета, а также встретился с профессорско-преподавательским составом и студентами. Позже он посетил выставку, где были представлены научные достижения университета и инновационные проекты студентов.

Кроме того, депутат осмотрел работу современных лабораторий и учебных центров:

- Научно-образовательный комплекс «Цифровые технологии в энергетике» (докладчик — заведующая кафедрой «Энергетические системы» Е. Г. Нешина);
- Авторизованный учебный центр «КарТУ имени А. Сагинова — Schneider Electric» (докладчик — заведующий кафедрой «Автоматизация производственных процессов» В. В. Югай);
- Авторизованный учебный центр «КарТУ имени А. Сагинова — Mitsubishi Electric — Казпромавтоматика» (докладчик — В. В. Югай).

Также состоялась встреча депутата с ректором университета. В ходе беседы были обсуждены вопросы развития системы высшего образования, укрепления связей между наукой и производством, подготовки инженерных кадров и развития исследований в сфере искусственного интеллекта.

В завершение визита депутат провел встречу со студентами и профессорско-преподавательским составом. В своем выступлении Таңсәуле Габдыманапулы подчеркнул важность инженерного образования для устойчивого развития страны, призвал молодежь активно участвовать в развитии индустриального потенциала Казахстана, а также поделился примерами из собственной научной и общественной деятельности.

По итогам визита депутату Мажилиса Парламента Республики Казахстан Таңсәуле Габдыманапулы Серикову было присвоено почетное звание «Почетный профессор Карагандинского технического университета имени Абылкаса Сагинова».





# Сотрудничеству развиваться и крепнуть

**Октябрь для Saginov Technical University оказался богатым на встречи с зарубежными гостями. 16 октября руководство вуза во главе с Председателем Правления — Ректором Сауле Сагинтаевой приняло гостей из Латвии.**




Руководитель Латвийской делегации — посол Латвии в Казахстане Даце Рутка, рассказала о целях настоящей встречи, отметив, что в настоящее время Казахстан является главным партнером Латвии в Центральной Азии, она признала, что сотрудничество получило должное развитие в экономической и политической сферах. В культурной же и образовательной сферах у нас пока нет тесных контактов. Цель настоящей встречи — восполнить этот пробел.

Как это сделать, с чего можно начать и какими возможностями обладают вузы и филиалы Латвийских вузов? Этому посвятили свои выступления гости из Латвии.

В свою очередь, подготовленная презентация о нашем университете и видеофильм о студенческой жизни позволили гостям иметь более полное представление о том, что представляет собой один из ведущих технических вузов Казахстана.

Председатель Правления — Ректор Сауле Сагинтаева и другие участники встречи выразили свою готовность к взаимовыгодному сотрудничеству с латвийскими коллегами.

Первые шаги навстречу друг другу сделаны. Обозначены основные направления совместной работы. А значит, сотрудничеству с латвийским коллегами развиваться и крепнуть.

# Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстанның өңдеу өнеркәсібінің инновациялық дамуы



**Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстанның өңдеу өнеркәсібінің инновациялық дамуы» атты ғылыми-сараптамалық кездесу өтті.**

Іс-шара Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті міндеттер және оларды түбегейлі цифрлық трансформация арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы аясында ұйымдастырылды.

Кездесудің мақсаты — жасанды интеллект пен цифрландыру технологияларын Қазақстанның өңдеу өнеркәсібіне енгізу перспективаларын талқылау, сондай-ақ ғылым, бизнес және мемлекеттік құрылымдар арасындағы өзара ынтымақтастықты дамыту.

Іс-шараны Қарағанды облысы әкімінің аппараты мен Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті бірлесе ұйымдастырды.

Ғылыми-сараптамалық кездесуге Қарағанды облысы әкімі Ермағанбет Қабдулаұлы Бөлекпаев, облыстық басқармалар басшылары, жоғары оқу орындарының ректорлары, өндірістік кәсіпорын өкілдері, сондай-ақ профессорлық-оқытушылар құрамы мен студенттерден құралған 200-ден астам қатысушы қатысты.

Іс-шара аясында университеттің ғылыми жетістіктер көрмесі ұйымдастырылып, цифрландыру және жасанды интеллект саласындағы жаңа жобалар таныстырылды.

Іс-шара соңында университеттің ғылым саласына үлес қосып жүрген ЖОО-ның бірқатар ғалымдары Қарағанды облысының алғыс хаттарымен марапатталды.

Кездесу қорытындысы бойынша университеттер мен өнеркәсіптік кәсіпорындар арасындағы серіктестікті дамытуға бағытталған нақты ұсыныстар әзірленді. Бұл ұсыныстар инновациялық өсуді жеделтетуге және өңдеу өнеркәсібін цифрландыруға серпін беруге бағытталған.





# Перспективный план и поощрения




**В Карагандинском техническом университете имени Абылкаса Сагинова состоялось очередное заседание Ученого совета. На повестке дня были рассмотрены несколько важных вопросов. Исполняющий обязанности директора Департамента маркетинга и PR Айтбаев Нурлан Берикович выступил с докладом об итогах работы Департамента маркетинга и PR за 2024–2025 учебный год и перспективах на 2025–2026 учебный год. В результате проделанная работа была признана удовлетворительной.**

По докладу директора Департамента науки и инноваций Сулеева Бахтияра Данияровича были утверждены научные руководители магистрантов, научные консультанты докторантов, а также темы диссертационных исследований магистрантов.

Кроме того, в ходе заседания Ученого совета ректор университета наградил ряд студентов и их руководителей благодарственными письмами за высокие результаты и достижения.

◆ Студент кафедры «Кибербезопасность и искусственный интеллект» Халил Каландаров был награждён благодарственным письмом ректора за призовое место в направлении «Информационная безопасность» на V Международной олимпиаде по финансовой безопасности, прошедшей в городе Красноярск (Российская Федерация) с участием представителей из 40 стран. Его научный руководитель, Леонтьева Анастасия Михайловна, также была награждена благодарственным письмом за качественную подготовку студента и высокий уровень наставничества.

◆ Студенты группы СИБ-23-1 кафедры «Кибербезопасность и искусственный интеллект» были награждены благодарственными письмами ректора за высокие результаты, показанные на республиканском конкурсе «Qostanai AgroTech Hackathon 2025», где команда факультета заняла призовое место и получила денежный приз в размере 500 000 тенге. Руководитель группы Сайлаукызы Жулдыз также была отмечена благодарственным письмом ректора за качественное руководство и успешную подготовку проекта.

◆ Студент группы ИС-25-3 Владислав Бондарев был награждён благодарственным письмом ректора за занятое I место на конкурсе GameDev Hackathon, прошедшем в Териконовой долине, а также за высокий уровень творческих и профессиональных навыков. Его руководитель Айгерим Нуртайкызы была награждена благодарственным письмом за качественную подготовку студента и успешное руководство проектом.

# Выгода сотрудничества



**Делегация Карагандинского технического университета имени Абылкаса Сагинова во главе с председателем Правления — Ректором Сауле Сагинтаевой побывала с рабочим визитом в проектном институте ТОО «Сантехэнергопроект».**

В состав делегации вошли: руководитель аппарата, доктор технических наук, профессор Аристотель Исагулов; член Правления — Проректор по науке и инновациям Али Мехтиев; декан архитектурно-строительного факультета Данияр Токанов; заведующий кафедрой «Строительные материалы и технологии» Едил Иманов; директор департамента по молодежной политике Гульден Адамова.

Заместитель директора ТОО «Сантехэнергопроект» Владислав Ярославович Варзегов ознакомил делегацию STU с деятельностью проектного института. Он рассказал о направлениях работы предприятия — проектировании инженерных систем и коммуникаций, расчетах теплотехнических и энергетических систем, технической экспертизе и разработке проектной документации. Также гости ознакомились с процессом работы специалистов и этапами подготовки проектов.

*«Нам нужны профессиональные кадры, поэтому тесное сотрудничество с университетом будет выгодно для обеих сторон»*, — отметил Владислав Ярославович Варзегов.

В ходе встречи стороны обсудили возможности установления взаимовыгодного сотрудничества в сфере образования, практической подготовки и трудоустройства студентов.

# Возможность знакомства с передовыми технологиями




Huawei это крупнейший в мире производитель и ведущий поставщик телекоммуникационного оборудования. Как сообщила Сымбат Саматқызы, Huawei в Казахстане организует и проводит образовательный тур Huawei ICT Competition 2025–2026 Roadshow и международный конкурс Huawei ICT Competition, который дает студентам возможность познакомиться с передовыми технологиями в сфере информационно-коммуникационных технологий (ИКТ) и получить практические знания. Такие конкурсы проводятся уже не первый год, и казахстанские студенты, принимавшие в нем участие, демонстрируют высокий уровень подготовки. Стартовавший в Казахстане в этом году образовательный тур Huawei ICT Competition 2025–2026 Roadshow, охватит 48 университетов страны. Для тысяч студентов, в том числе и нашего университета, он станет уникальной возможностью напрямую познакомиться с передовыми технологиями и получить практические знания от мирового лидера в сфере ИКТ. В ходе встречи студенты узнали подробнее о программе Huawei ICT Academy, открывающей доступ к эксклюзивным образовательным материалам, условиях проводимого конкурса и предъявляемых требованиях к участникам. Кстати, как подчеркнула Сымбат Саматқызы, базовый курс каждый может пройти самостоятельно. В заключение встречи, студентам был продемонстрирован мотивационный видеоролик о впечатляющей атмосфере состоявшихся конкурсов. Желаем студентам воспользоваться предоставленными возможностями и успехов в предстоящем конкурсе.






# Статистические данные улучшат аналитический подход

**15 октября 2025 года в стенах Карагандинского технического университета имени Абылкаса Сагинова состоялось подписание Меморандума о сотрудничестве между университетом и Республиканским государственным учреждением «Департамент Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан по Карагандинской области».**

Цель подписания Меморандума — развитие взаимовыгодного партнёрства в области научных исследований, обмена статистическими данными, аналитическими материалами, а также содействие практической подготовке студентов и повышению их профессиональных компетенций.

От имени университета документ подписал проректор по академическим вопросам, со стороны Департамента — руководитель учреждения.

Сотрудничество станет важным шагом в укреплении связей между образованием и государственной статистикой, позволит реализовать совместные проекты и инициативы, направленные на развитие аналитической культуры и повышение качества подготовки специалистов.



# Болашақ — энергия тиімді сәулетте

**Халықаралық ынтымақтастық аясында Saginov Technical University-де Польшаның Ныса қаласындағы Қолданбалы ғылымдар университетінің профессоры, шетелдік ғалым Адам Уймамен кездесу өтті. Бұл шетелдік ғалымдармен өткен алғашқы кездесу емес, олар біздің оқытушылармен, студенттермен және магистранттармен бірлесіп кездесулер мен семинарлар өткізуде.**



Адам Уйма Архитектура-құрылыс факультетінде өткен кездесуге қатысқан оқытушылар мен студенттерді 2001 жылы құрылған Қолданбалы ғылымдар университетінің қысқаша тарихымен таныстырды. Ол классикалық университеттер мен қолданбалы ғылымдар университеттері Болон үдерісінің мақсаттарына негізделген бірдей оқыту әдісін қолданатынын және мамандарды бірдей деңгейде даярлайтынын атап өтті. Айырмашылық оқыту стилінде: қолданбалы ғылымдар университеттерінде сабақтар шағын топтарда өткізіліп, теория әрдайым практикалық жұмыстармен ұштасады.

Адам Уйма кездесуге қатысушылардың назарына «Болашақтағы энергия тиімді сәулет: технология, экология және жайлылық үйлесімі» атты дәрісін ұсынды. Ол технологияны, экологияны және жайлылықты тәжірибе жүзінде тиімді ұштастыру жолдары туралы, сондай-ақ бұл тәсілдің Польша мен өзге де Еуропа елдерінде қалай қолданылатыны жөнінде баяндады. Адам Уйманың айтуынша, бұл тақырып өзіне өте жақын болғандықтан, дәріс ерекше қызықты әрі мазмұнды өтті.

Кездесу соңында ол қатысушылардың барлық сұрақтарына жауап берді. Сондай-ақ екі университеттің ұқсас бағыттағы факультеттері арасындағы ынтымақтастық пен ғылыми серіктестікті одан әрі кеңейтіп, дамытуға ниетті екенін білдірді.

# Объединение теоретических основ с практическими реалиями

**Декан факультета металлургии и машиностроения НАО «Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова» провела техническое совещание с руководством и специалистами ТОО «КазГидроМедь» при участии ученых кафедр «Металлургия и новые материалы» и «Химия и химические технологии».**



Цель мероприятия — обсуждение ряда важных вопросов сотрудничества между кафедрами «Металлургия и новые материалы», «Химия и химические технологии» и ТОО «КазГидроМедь».

От НАО «Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова» в мероприятии приняли участие:

Макашева Астра Мундуковна — Декан Факультета Металлургии и машиностроения НАО «Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова», профессор, д.т.н., Такибаева Алтынарай Темирбековна — заведующий кафедрой «Химия и химические технологии», к.т.н., Аубакиров Дастан Рахметоллаевич — заведующий кафедрой «Металлургия и новые материалы», PhD, Шерембаева Рымкеш Тюлюхановна — доцент кафедры «Химия и химические технологии», к.т.н., Нарембекова Айтбала — ассоциированный профессор (доцент) кафедры «Металлургия и новые материалы», к.т.н., Кинаятов Маргулан Аскарович — ст. преподаватель кафедры «Химия и химические технологии», м.т.н.

Со стороны ТОО «КазГидроМедь»:

Олейникова Татьяна Ованесовна — Директор ТОО «КазГидроМедь», Терентьева Ирина Владимировна — Директор департамента научно-технической документации, Корабаев Аргын Саматович — Заместитель директора по научной работе, м.т.н., Каримова Люция Монировна — Начальник лаборатории металлургии, доцент, д.т.н., Тусупбекова Таншолпан Шугайбековна — Начальник лаборатории обогащения, м.т.н.



В ходе визита состоялось совещание, на котором были обсуждены вопросы сотрудничества в области образования и науки. По итогам встречи были достигнуты важные договорённости. Кроме того, участники посетили основные производственные участки и лаборатории предприятия, где ознакомились с их деятельностью.

Спустя время делегация Карагандинского технического университета имени Абылкаса Сагинова во главе с Председателем Правления — Ректором Сауле Сагинтаевой отправилась с рабочим визитом в ТОО «Казгидромедь».

В состав делегации вошли начальник аппарата, д.т.н., профессор Аристотель Исагулов, член Правления — проректор по стратегическому развитию и цифровизации Тимур Канапиянов, член Правления — проректор по науке и инновациям Али Мехтиев, декан факультета «Металлургии и машиностроения» Астра Макашева, заведующий кафедрой «Металлургия и новые материалы» Дастан Аубакиров, заведующая кафедрой «Химия и химические технологии» Алтынарай Такибаева. Состоялась встреча с директором ТОО «Казгидромедь» Татьяной Олейниковой.

В ходе встречи члены делегации ознакомились с производственной структурой и лабораторной базой предприятия. Директор ТОО «Казгидромеди» представил гостям информацию об основных технологических процессах, особенностях производства и направлениях научно-исследовательской деятельности.

Стороны обсудили перспективы взаимовыгодного сотрудничества в сфере подготовки кадров, проведения научных исследований и организации производственной практики студентов.

ЭНЕРГОЭФФЕКТИВНАЯ АРХИТЕКТУРА БУДУЩЕГО

# Варшава профессоры Saginov Technical University-де оқыту семинарын өткізді



**1 қазан күні Saginov Technical University-де студенттер мен оқытушыларға арналған оқыту семинары өтті. Оны шетелдік дәріскер — Варшава технологиялық университетінің профессоры Maria Ganzha жүргізді.**

Семинарға Басқарма мүшелері — стратегиялық даму және цифрландыру жөніндегі проректор Тимур Канапьянов пен ғылым және инновациялар жөніндегі проректор Али Мехтиев те қатысты.

Семинардың тақырыбы — *«Ғалымдар мен оқытушылардың #Erasmus+, #Horizon, #WorldBank және басқа да халықаралық ғылыми-зерттеу гранттары жобаларына қатысуы»* — университет үшін аса өзекті мәселе болды. Себебі оқу орны халықаралық ғылыми-зерттеу жобаларына қатысуын жандандыруды мақсат етеді.

Семинарға қатысушылардың үлкен қызығушылығын тудырған жайт — Maria Ganzhaның халықаралық жобалардың тікелей қатысушысы әрі Еурокомиссияның гранттық жобаларды қарастыратын сарапшысы ретінде мол тәжірибесі бар екендігі.

Бұл салада үлкен білімі бар маман ретінде ол өз тәжірибесімен бөлісіп, құнды кеңестер берді. Дегенмен ол қазіргі таңдағы жоғары бәсекелестік жағдайында халықаралық грантты иелену үшін үлкен еңбек пен күш-жігер қажет екенін атап өтті.

*«Қайдан бастау керек? Қатысушыларға қандай талаптар қойылады? Өтінімді қалай дұрыс рәсімдеу керек? Байқаулар туралы қажетті ақпаратты қайдан алуға болады?»* — осы және басқа да сұрақтарға семинар барысында толыққанды жауап берілді.

Семинарға жоғары баға берген Тимур Канапьянов қатысушылардың атынан шетелдік қонаққа мазмұнды дәрісі үшін алғыс білдірді. Сондай-ақ халықаралық ғылыми-зерттеу байқауларына қатысуды қалайтындарға пайдалы кеңестері үшін ризашылығын жеткізді.





# Білім беру және климаттың өзгеруіне бейімделу

**2025 жылғы 6 қазанда Қарағанды қаласының Экологиялық музейінде «Білім беру және климаттың өзгеруіне бейімделу» халықаралық бағдарламасының офлайн-сессиясы өтті. Іс-шаранЫЛ. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың Тұрақты даму орталығы мен Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі неміс қоғамы (GIZ) бірлесіп ұйымдастырды.**

Бұл іс-шара IKI «Климатты қорғау стратегиялары бойынша саясат және білім алмасу диалогы» (DIAPOL–CE) жаһандық жобасы аясында өткізілді. Жобаның мақсаты — тұрақты және климаттық тұрғыдан қауіпсіз экономиканы қалыптастыруға бағытталған жүйелі тәсілдерді дамыту.

Қарағандыдағы сессия барысында Қазақстандын Орталық аймағының ерекшеліктеріне баса назар аударылып, қалалық жоспарлау, құрылыс және өнеркәсіп салаларында климаттың өзгеруіне бейімделу мәселелері талқыланды.

Біздің университетті сессияда келесі өкілдер таныстырды:

- Тұрақты даму орталығының қызметкерлері О. А. Шебалина мен А. Р. Апакашева;
- «Архитектура және дизайн» кафедрасының меңгерушісі Б. Б. Ахметов;
- «Өнеркәсіптік қауіпсіздік және экология» кафедрасының оқытушылары Н. К. Цой және Е. А. Цешковская.

Кездесу қатысушылары университеттің ғылыми зерттеулерін аймақтық өнеркәсіптің қажеттіліктеріне бағыттау, сондай-ақ қалалық инфрақұрылымның тұрақтылығын арттыру, биосаналуандылығын сақтау және баламалы энергия көздерін дамыту бойынша жоба идеяларын ұсынды.

Ұсынылған бастамалар тұрақты даму қағидаттарын қолданбалы ғылымға, сәулеттік жобалауға, экологиялық инженерияға және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласына интеграциялау ұмтылысын көрсетеді. Сессияның модераторы және фасилитаторы Н. Бачинская, тұрақты даму жөніндегі кеңесші болды. Бағдарламада TCFD әдіснамасы негізіндегі климаттық тәуекелдерді бағалау бойынша интерактивті ойын ұйымдастырылып, қатысушылар өз салаларының осал тұстарын анықтап, бейімделу шараларын ұсынды.

Аталған бағдарлама шеңберінде Астана, Алматы және Қарағанды қалаларында өткізілетін сессиялар университеттер, кәсіпорындар және мемлекеттік органдар арасында тәжірибе алмасу мен өзара ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған. Бағдарлама нәтижесінде климаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі ұлттық жоспарды іске асыруға ықпал ететін алты пилоттық жоба әзірлеу жоспарлануда.

# Лайықты үлгі



2025 жылы көрнекті ғалым, академик **Әбілқас Сағыновтың туғанына 110 жыл** толуына орай еліміздің оқу орындарында бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылуда. Осы мерейтой аясында **Қарағанды техникалық университетінде**, 15-қазанда «Қазақ тілі және мәдениеті» кафедрасында, куратор **А. Ж. Жалдыбаева** ЛОГ-25-3 тобымен **«Академик А. Сағынов — ғалым және Қазақстандағы жоғары техникалық білім берудің ұйымдастырушысы, Қарағанды техникалық университетінің негізін қалаушы»** тақырыбында танымдық мастер-класс өтті.

Мастер-класстың мақсаты — көрнекті ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі Әбілқас Сағыновтың еңбегін дәріптеу және жастарды білімге, еңбекқорлыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Іс-шара барысында ұлы академиктің өмір жолы мен еңбектеріне арналған бейнематериалдар көрсетіліп, Лог-25-3 тобының студенттері **Кулокова София мен Лопатин Глеб** баяндама жасады.

Қатысушылар арасында **«Шындық пен жалған»** атты ойын және **Kahoot онлайн-викторинасы** өткізілді.

Мастер-класс соңында студенттер **«Атамекен»** әнін орындады. Қорытынды сөз сөйлеген куратор А. Ж. Жалдыбаева жастарды академик Әбілқас Сағыновтың өнегелі өмірін үлгі тұтуға, ғылым мен білім жолында табанды еңбек етуге шақырды.

Мастер-классқа:

- Рухани-адамгершілік тәрбие кеңесінің мүшесі Ш. А. Жетпісбай; ТТ-25-1 тобының кураторы Л. М. Кулейменова;
- ТТ-25-2 тобының кураторы М. Т. Оспангалиева;
- Сиб-23-4 тобының кураторы Г. С. Байпелова;
- Сиб-23-3 тобының кураторы А. Е. Кенжебекова қатысты.

# Болашақ индустриясы:
## *Жәнібек Байғабелов QarTech қатысушыларымен тәжірибемен бөлісті*



**23 қазанда QarTech хабы қызметі аясында Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті базасында Kazakhmys Smelting компаниясының бас директоры, ҚҚМЗ Maker директорлар кеңесінің төрағасы, «Болашақ» бағдарламасының (Ұлыбритания) түлегі және Қазақстанның Құрметті машина жасаушысы Жәнібек Байғабеловтың қатысуымен эксперттік сессия өтті.**

Кездесуді университеттің ғылым және инновациялар жөніндегі проректоры Али Мехтиев ашып, өңірлік инновацияларды дамытуда ғылым, білім және өндіріс арасындағы әріптестіктің маңыздылығын атап өтті. Спикер басқарушылық тәжірибесімен және машина жасау, металлургия және технологиялық кәсіпкерліктің дамуы туралы ойларымен бөлісіп, өзін-өзі дамыту мен тиімділікті арттыру жөнінде практикалық кеңестер берді. Ашық Q&A-сессия барысында қатысушылар индустрияның келешегі мен көшбасшылық туралы өзекті сұрақтар қойды.

Іс-шараға отандық өнеркәсіптің дамуына мүдделі 50-ден астам қатысушы — студенттер, инженерлер, оқытушылар және стартаперлер қатысты.

Кездесу соңында Жәнібек Алтынбекұлына университет атынан Алғыс хат пен сыйлыққа мерч табысталды.

SAGINOV TECHNICAL UNIVERSITY 1953

## Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті

# АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

**Құрметті әріптестер!**

Сіздерді 2025 жылдың 27 қарашасында Қарағанды техникалық университеті базасында өтетін **Ә. С. Сағыновтың 110 жылдығына** арналған конференцияға шақырамыз.

**Конференцияның негізгі бағыттары:**

**1 секция.** Академик А. С. Сағыновтың Қазақстанның техникалық білімі мен ғылымын дамытуға қосқан үлесі

**2 секция.** Геология және жер қойнауын пайдалану перспективалары: Әбілқас Сағыновтың 110 жылдығына

**3 секция.** Тау-кен ісіндегі заманауи технологиялар мен инновациялар

**4 секция.** Өнеркәсіптегі Энергетика, автоматтандыру және телекоммуникация

**Конференцияның жұмыс тілдері:** қазақ, орыс, ағылшын.

Конференция жұмысына қатысқысы келетіндер Ұйымдастыру комитетіне **2025 жылдың 10 карашаға** дейін төмендегілерді жіберуі тиіс: *қоса берілген форма бойынша қатысуға өтініш; төменгі талаптарға сәйкес жасалған баяндаманың тезистері; антиплагиат анықтамасы.*

**Конференцияға қатысу тегін.**

Конференция жұмыстарының **жинағы ISBN-мен** конференция өткеннен кейін басып шығарылады және ҚарТУ сайтында электронды форматта орналастырылады.

Конференцияға қатысу үшін материалдар келесі электронды мекен-жайға жіберілуі керек: **conf@ktu.edu.kz**. Пошталық мекенжай: **100012, Қарағанды қ., Нұрсұлтан Назарбаев данғ., 56, Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ** (бас корпус, 2 қабат, каб.226).

Конференцияны ұйымдастыру комитетінің жауапты хатшысы:

**Сулеев Бахтияр Даниярович**
**Анықтама телефондары: (8–721–2) 56–52–34**

**Ә. С. Сағыновтың 110 жылдығына арналған конференцияға қатысуға өтінім**

1. Баяндамашының Т. А. Ә. (толық)* ________________
2. Ғылыми дәрежесі, атағы * ________________
3. Лауазымы, жұмыс (оқу) орны * ________________
4. Жұмыс мекен-жайы ________________
5. Байланыс телефоны, факс, e-mail ________________
6. Секция нөмірі және атауы ________________
7. Баяндаманың атауы ________________

* – Қосалқы авторлар үшін ақпарат

Қолы Күні

**Баяндама тезистерін ресімдеуге қойылатын талаптар**

Суреттер мен кестелерді қоса алғанда, А4 (210*297) форматындағы 2 толық беттің көлеміндегі тезистердің мәтіні Microsoft Word мәтіндік редакторында Times New Roman (KZ Times New Roman, Times/Kaz және т.б.) қарпімен терілуі тиіс, 1, 0 интервалмен, өлшемі 14, мәтінді жолдың енімен түзету, абзац алды стандартты (1, 25), барлық жиектері — 25 мм.

**Үлгі бойынша рәсімдеу:**

ӘОЖ 622.272. 6. Мухамеджан И. Д. (Алматы, ҚазҰТУ)
Ажибеков А. Н. (Өскемен, ШҚГТУ)

ТАЗАЛАУ КЕНЖАРЛАРЫНДА БҰРҒЫЛАУ ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

. . . . . . . . . . . . . . . . мәтін . . . . . . . . . . . . . . . .

. . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . .

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі (5-тен көп емес, 10қ).

. . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . .

Мәтін редакциялауға жатпайды және түпнұсқа болып табылады.

Сіздің назарыңызды жоғарыда көрсетілген барлық талаптарды сақтай отырып, материалдарды мұқият редакцияланған түрде ұсыну қажеттілігіне аударамыз. Баяндама тезистер авторлық жаңалығына (плагиатқа) тексеріледі. Баяндама тезисінде түпнұсқа мәтіні кемінде **75 %** болуы керек.

Талаптар сақталмай ресімделген немесе белгіленген мерзімнен кеш ұсынылған, сондай-ақ жариялауға ғылыми қызығушылық (авторлық жаңалық) танытпайтын баяндамалардың тезистері қабылданбайды және кері қайтарылмайды.

Онлайн режимге тікелей қатысу шарттары туралы қосымша ақпарат ҚарТУ сайтында ұсынылады.

**Конференцияны ұйымдастыру комитеті**

# КҮРЕСКЕР. ТҰЛҒА. СУРЕТКЕР

## (Алаш қайраткерлерінің ұлылық феномені және М. Дулатов әлемі)

**Адамзат тарихындағы барлық ойшылдар АДАМ баласын зерттеп, сол арқылы ӨМІР атты ілімнің қыр-сырына үңілген, адамның құдіретті һәм күрделілігінің арқасында оның тек ЖАҚСЫЛЫҚ қана емес, ЖАМАНДЫҚҚА да алғышарттар жасайтынын дәлелдеген. Көпшілігі жеке адамға, қайраткерге, әміршіге сөз арнаса, Абай барша адамзатқа ой тастады, толық адам концепциясын жасады (Шәкәрім оның ілімін жалғастырып, ар тазалығын идеал ретінде ұсынды). Алайда осы уақытқа дейін сиректеу айтылып келе жатқан бір тұжырым бар: ол — XX ғасыр басында Ә. Бөкейханұлы, А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедов, М. Шоқай, Ж. Ақбаев, Ә. Ермеков т. б. ұлылардың бастамасымен дүниеге келген Алаш феноменінің сол Абай ілімінен бастау алуы еді... Ол ұлылардың алғашқы легінде тұрған жан — Міржақып Дулатов еді.**

М. Дулатов туралы өткен XX ғасырдың сексенінші жылдарының соңында тәуелсіздік желінің лебі білінісімен-ақ оны сақтау жолында ірі өрлеу басталып еді. Сәл кештеу басталса да, ақыры ақталды. Шығармалары бірнеше рет жарыққа шықты, бертінде ол туралы диссертациялар жазылып, зерттеу еңбектері жарияланып келеді. Артында қалған мұрасы барлық деңгейдегі оқу орындарының бағдарламаларына енгізілді. Ғылыми бас қосулар, мәжілістер өтуде. Біртуар перзенттің есімін мәңгі есте қалдыру үшін бірталай игілікті іс-шаралар (оқу орындары, көше т. б. мәдени, өнер нысандарының ақын есімімен аталуы т. с. с.) жүзеге асырылды. Көпшілікке кеңінен мәлім жайттарды бұл шағын дүниеде қайталап шығу ретсіздеу болар, біз тек сирек айтылып жүрген толғамдарды, шолу санатындағы еңбектерде қысқа ғана түйінделіп жүрген пікірлерді сәл тереңдете қарастырмақпыз.

М. Дулатовты ақындық, педагогтық, ағартушылық, демократтық, драматургтық, қайраткерлік тұрғысынан алып, әр саланың білгірлері қарастырып келеді. Әдебиеттанушылар оның «Бақытсыз Жамал» атты шығармасының тұңғыш қазақ романы екендігін атап, идеялас, бағыттас, сол кезеңнің нақты хал-ахуалын кескіндеген басқа да авторлар дүниелерімен органикалық бірлікте қарастырды, «Оян, қазақ!» шығармасы қазақтың сол уақыт аясындағы аса қуатты саяси маңызына жан-жақты саралау жүргізді. Үлкен жетістік. Тамаша тұжырым.

Біз өз тарпымыздан төмендегілерді айтпақпыз.

«Бақытсыз Жамал», сөз жоқ, сол уақыттың ең өзекті мәселелерінің біріне арналған туынды. Әйел тағдыры барша оқыған азаматтарды, қаламгерлер С. Көбеев, С. Сейфуллин, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Әуезов, Б. Майлин т. б. суреткерлерді алаңдатқан. Олар осынау келеңсіз жайтқа өз шығармаларын арнады. Күресті, жағдайды түзетуге ұмтылды. Ал, терең зердемен үңілген адам М. Дулатов романындағы бірнеше астарлы ойды аңғарар еді. Жамал тағдыры, оны трагедиялық жағдайға жеткізген орта...

Автор қазақтың өз билігі өзінде тұрған кездегі тектілік, дегдарлық, асқақтық — бәрі де патшалық Ресейге бодан болысымен-ақ біртін-біртін ұсақталып, халықтың мәңгүрттенуге шақ қалғанын емеурінмен жеткізе алған. М. Әуезовтің «Қорғансыздың күнінде» екі мықты, алайда, адам атын жамылған қос зұлым жемтігін іздеген қорқаудай бейшара, міскіндер ауылына тақалғанда, автор оң жақ қапталда қалып бара жатқан Күшікбай батырдың бейітін баяндаушы еді ғой. М. Әуезов сол Күшікбай заманында, арғысын айтпай-ақ қояйық, сәл бертіндегі Абылай заманында Ақандай сұрқия бейшара қыздың абыройын айрандай төгіп, өмірмен қоштасуына мәжбүрлей алар ма еді? Міне, Әуезов пен Дулатов идеяларының тоғысқан жері осында... Қос суреткердің шығармаларындағы ортақ идея, символ, астарлау, емеурін...

М. Дулатовтың әйгілі «Оян, қазақ!» шығармасы да шыңғырған шындыққа, ащы ақиқатқа толы болуымен ғана емес, бәрінен бұрын, сана серпілісі мен сілкінісіне үндеген туынды. *«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым»* деп күңіренсе де, ұлтының тектілігіне, ерте ме, кеш пе, сілкінетініне шүбәсіз сенген Абайдай сол тұста Міржақып та халқына сенгендіктен, оны құлай сүйгендіктен ОЯН! деп ұрандатты. Міне, ұлы мен ірінің әйгілі шығармаларындағы үндестік сыры осында. Қазақтың қос біртуар перзенттері мәңгүрт сананың алдын алуға ашына кірісті. Үміт пен күдік тоқайласа келіп, текетіреске түссе де, екеуі де алғашқыға яғни үмітке сүйенеді. Алайда уақыт өткен сайын қауіпті дерттің асқынатыны анық еді, Міржақып кешегі патша билігінің ендігі заңды мұрагері большевиктік-кеңестік жүйе екендігін бірден аңғарды. Ендеше, оның бүкіл шығармаларына арқау болған қуатты қару болған жайт ТӘУЕЛСІЗДІК идеясы десек, атақты қайраткердің тұлғалық, күрескерлік, шығармашылық әлеміне ену үшін дұрыс бағыт ұстанғанымыз болып шығады дер едік...

Міржақып Дулатовтың туғанына 140 жыл толуы — тек мерейтой ғана емес, оның оның идеяларын жас буынға танытып, ұрпақ санасына сіңіру үшін үлкен мүмкіндік. Бұл — ел тәуелсіздігін қадірлеуге, өткеннен сабақ алуға, келешекке сеніммен қарауға үндейтін тарихи сәт.

**Қ. С. Қалыбекова, Қ. М. Хамзина,**
**Әбілқас Сағынов атындағы**
**Қарағанды техникалық университеті**

# Ұлттық мереке ұлықталды

**Бүгін — Инновациялық технологиялар колледжінің ұжымы — Республика күніне арналған «Туған елім — Қазақстан» атты мерекелік іс — шараны ойдағыдай өткізді. Танымдық маңызы зор алқалы жиында алғашқы сөз колледж директоры Нұрбибі Абсадыққызы Смағұловаға берілді.**

— *Жастар — ел дамуының басты күші, келешегіміздің негізгі тірегі,* — деп атап өтті, Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында.

Ендеше, жастарға артылар міндет пен сенім жоғары. *«Мен — жастарға сенемін!»* — деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, біз де осы мақсатта студенттерге сапалы білім беріп, цифрлық сауаттылығын арттырып, креативтік ойлау жүйесін тереңдетіп, кәсіби мамандар даярлаудамыз, — деді колледж басшысы. Бұдан соң, Нұрбибі Абсадыққызы жиналған қауымды мерейлі мерекемен құттықтады!

Ізгі тілектен кейін, әдемі сахналық көріністер көпшілік назарына ұсынылды. Алдымен студенттер көк байрағымызды әкеліп, ұлттық нышанымызды ұлықтады! Өнерлі жастар мерекеге арналған өлеңдерін оқып, домбырамен күй тартып, мың бұрала биледі. Отан және туған жер туралы патриоттық әндерін шырқады. Мұның өзі көпшілікке мол мотивация берді.

Бұл күндері білім ордасында, өз Отанын ерекше сүйетін, туған халқының рухани байлығы — тілі мен мәдениетін, салт — дәстүрін дәріптейтін еліміздің Елтаңбасы мен Әнұранын және Көк туын құрметтей білетін СТУДЕНТ жастарды тәрбиелеп жатқанына көпшілік сүйсінді!

Осынау тамаша мерекелік шараның жоғары деңгейде өтуіне колледж оқытушысы Әдемі Аққошқарова көп еңбек сіңірді.

***Қымбатты достар! Республика күні құтты болсын!***

# Ғылыми және академиялық ортадағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл



**2025 жылғы 3 қазанда Басқарма мүшесі — Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор А. Д. Мехтиев университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметімен бірлесіп сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жоспарланған іс-шаралар шеңберінде семинар өткізді.**



Іс-шара ғылыми жобаларды гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруды іске асыру шеңберінде ғылыми қызметті жүзеге асыратын университеттің профессорлық-оқытушылар құрамының қатысуымен өткізілді. Атап айтқанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау, академиялық адалдық және талқыланатын тақырып аясында қабылданатын шаралар мәселелері қозғалды.

Семинар қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық практикалары сөзсіз жағымсыз салдарға әкеп соқтыруы мүмкін және ғылым беделді болып қалуы үшін: нормаларды сақтау, ережелерді нақты сақтау, ашық шешімдер қабылдау және жеке жауапкершілік алу қажет.

# Воспитание моральных ориентиров у молодежи



**С 1 по 16 октября 2025 года в Карагандинском техническом университете имени А. Сагинова с участием проректора по академическим вопросам Нусупбековым Б. Р. совместно с антикоррупционной комплаенс-службой проведены встречи с профессорско-преподавательским составом и студентами первого курса, а также военной кафедры с охватом 1 730 студентов и ППС.**



В частности, первокурсникам предложено изучить сайт университета для получения важной информации об учебных процессах и поддержке, при этом быть ответственными, самостоятельными и активными в учебном процессе и не бояться искать новые возможности и устанавливать социальные связи в новой университетской среде. Также в рамках встречи были озвучены вопросы улучшения качества предоставления образовательных услуг, разъяснены принципы академической честности, а также деятельность вуза, направленная на противодействие коррупции и формированию добропорядочности.





# Научные стажировки в лабораториях мира

**Научно-образовательный фонд им. академика Ш. Есенова объявляет ежегодный конкурс на предоставление 10 грантов студентам бакалавриата, магистратуры, интернатуры и действующим научным сотрудникам для прохождения летней научной стажировки в ведущих лабораториях мира.**

**ЕСЛИ ТЫ:**

- Гражданин Республики Казахстан;
- Студент казахстанского вуза или действующий научный сотрудник;
- Специализируешься в области естественных или технических наук;
- Мечтаешь поступить на PhD программу в ведущие зарубежные университеты;
- Имеешь сильное стремление работать и развивать науку в Казахстане;

**У тебя есть возможность ПОЛУЧИТЬ ГРАНТ И ПРОЙТИ НАУЧНУЮ СТАЖИРОВКУ ЛЕТОМ 2026 ГОДА!**

Для этого с 6 октября по 6 ноября 2025 года необходимо **заполнить заявку** на сайте фонда — https://yessenovfoundation.org/ri_2026/ и предоставить следующие документы:

**Обязательные документы:**

- Скан удостоверения личности;
- Эссе на тему «Исследование, которое я хотел бы осуществить». Эссе должно включать ответы на следующие вопросы:
  - *какой исследовательский опыт у вас уже есть?*
  - *как Вы видите для себя исследование, которое Вы хотели бы осуществить и что можно сделать, чтобы это произошло?*
- Транскрипт с оценками за все семестры обучения;
- Диплом об окончании бакалавриата с оценками (для магистрантов и научных сотрудников) или диплом из последнего места обучения (не более 1 документа);
- Резюме.

**Дополнительные документы:**

- Научные сертификаты (не более 3);
- Сертификаты за социальную активность и волонтёрскую работу (не более 2);
- Публикации (не более 2);
- Рекомендательное письмо от научного руководителя, проректора или ректора вуза (не более 1 документа).

Программа предоставляет **10 грантов** для прохождения научной стажировки в ведущих исследовательских лабораториях мира, продолжительностью до 90 дней.

# Климова Дина Хакимовна



(1941-2025 гг.)

**Квалифицированный специалист в сфере библиотечного дела, бессменный хранитель знаний и культуры университета, посвятившая более пятидесяти лет служению родному вузу.**

С 1960 по 2013 годы она трудилась в библиотеке университета, внесла значительный вклад в развитие и модернизацию библиотечных процессов. В 1963 году окончила Кокчетавский библиотечный техникум, а в 1969 году — библиотечное отделение Ленинградского института культуры.

С 1992 по 2009 годы Дина Хакимовна возглавляла библиотеку, под ее мудрым руководством были успешно автоматизированы процессы комплектования и обработки литературы, создан электронный каталог и новые базы данных. При ее непосредственном участии внедрялось современное программное обеспечение ИРБИС, оборудовались автоматизированные рабочие места, открывались информационно-образовательный центр и электронные читальные залы, был создан отдел автоматизации библиотечных процессов.

Дина Хакимовна проявляла высокий профессионализм, ответственность и инициативу, благодаря чему библиотека университета стала одним из современных центров информационного обслуживания студентов и преподавателей. Она активно участвовала в общественной жизни коллектива и университета, возглавляя женсовет и способствуя укреплению дружеских и корпоративных связей.

За многолетний и безупречный труд Климова Дина Хакимовна неоднократно была награждена Почетными грамотами Министерства образования и науки Республики Казахстан, нагрудным знаком «Заслуженный работник КарГТУ», а также Благодарственным письмом Президента Республики Казахстан в честь 10-летия Независимости страны. В 1983 году ей была вручена медаль «Ветеран труда» — высокая оценка ее преданности и заслуг.

Память о Дине Хакимовне навсегда сохранится в сердцах коллег, студентов и всех, кто имел честь знать ее как высокопрофессионального и добросовестного специалиста, отзывчивого и внимательного человека. Ее пример служения науке и культуре останется ориентиром для будущих поколений.

# ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ — АДАМДЫҚТЫҢ АСЫЛЫ

**Қайырымдылық — адам бойындағы ең ізгі қасиеттердің бірі. Ол — мейірім мен жанашырлықтың, бауырмалдық пен адамгершіліктің көрінісі. Қайырымды адам өзгенің мұң-мұқтажына бейжай қарамай, қолдан келгенше көмек көрсетеді. Мұндай іс-әрекет тек көмек алған адамға ғана емес, қайырым жасаған жанның өзіне де рухани қуаныш сыйлайды.**

Қайырымдылық жасағанда «оң қолыңмен бергенде, сол қолың көрмесін» деген қазақ халқы. Яғни, бір адамның немесе ұжымның іс-әрекеті екінші бір адамға ой салуы мүмкін. Сондай-ақ жыл сайын қайырымды іс-шаралардан қалыс қалмайтын университетіміздің КЛжИЭФ-нің ТТжЛЖ, ӨТ мен ҚТжМ кафедралары «Жетімді жебегенге жеті пейіштің есігі ашылады» дегенді ұстанатын ұжымдар.

Факультет кафедрасының ұжымдары ұйымдастырған «Мектепке жол» акциясы аясында көп жылдар бойы ТТжЛЖ кафедрасында хатшы болып жұмыс істеген Ж. Қайырбекованың балаларына қамқорлық көрсетіп, қайырымдылық акциясы өткізілді.

Қайырымдылықтың түрі көп: біреуге материалдық көмек көрсету, жылы сөз айту, қолдау білдіру, тіпті күлімсіреу де — мейірімнің белгісі. Қазақ халқы ежелден *«Жақсылық жасасаң, өзің үшін жаса»* деп бекер айтпаған. Себебі әрбір игі іс — қоғамның, елдің дамуына, адамдар арасындағы сенім мен татулықтың артуына ықпал етеді.

Сондықтан әрқайсымыз айналамызға мейіріммен қарап, қолымыздан келгенше жақсылық жасауға тырысайық. Қайырымдылық — жүректен шыққан ізгі ниет, ал ізгі ниет қашан да адамзатты біріктіріп, өмірге жарық нұр шашады.

***Жақсылық жасауды ұмытпайық, ағайын!***

**Қазақ тілі және мәдениеті кафедрасының п.ғ.м., аға оқытушысы Г. Қ. Сағатова**





# Наши образовательные перспективы в США



**22 октября 2025 года в центре «Жастар әлемі» состоялась встреча студентов с представителями образовательных и общественных организаций.**



Основным спикером мероприятия стал Бахыт Оспанов, директор программы стипендии Берика и Баян Каниевых (Berik & Bayan Kaniyev Foundation) в Университете Дьюк (Duke University, США). Он представил студентам информацию о возможностях обучения в магистратуре одного из ведущих университетов мира, рассказал о процессе поступления, академических требованиях и стипендиальных программах фонда для казахстанских студентов.

В числе почётных гостей мероприятия также присутствовали:

- Аскар Сагинов, внук профессора Абылкаса Сагинова;
- Адиль Упабеков, депутат города Караганды, бизнесмен;
- Лаура Бексеитова, ассистент депутата А. Упабекова.

Участники встречи отметили важность подобных инициатив, направленных на развитие международного академического сотрудничества и поддержку талантливой молодежи, стремящейся получить образование мирового уровня.

Мероприятие прошло в формате открытого диалога: студенты активно задавали вопросы, интересовались особенностями обучения за рубежом и перспективами участия в грантовых программах.

Подобные встречи способствуют укреплению связей между университетом и международными образовательными фондами, открывая новые возможности для будущих лидеров Казахстана.

# Призёры Международной олимпиады по финансовой безопасности



**С 29 сентября по 3 октября в Красноярске прошла V Международная олимпиада по финансовой безопасности, объединившая более 600 участников из 40 стран мира.**

Казахстан достойно представила команда из 10 студентов ведущих вузов страны, подготовка которых проходила на базе Академии финансового мониторинга (AML Academy).

Особую гордость вызывает успех Карагандинского технического университета имени А. Сагинова — студент Халил Каландаров стал призёром в направлении «Информационная безопасность». Его победа подчеркнула высокий уровень подготовки будущих специалистов в области кибербезопасности и цифровых технологий, а также укрепила авторитет университета на международной арене.




Карагандинский технический университет имени А. Сагинова — среди лидеров, формирующих интеллектуальную элиту Казахстана.

***Поздравляем Халила и научных руководителей с заслуженным результатом!***




# Студент Saginov Technical University — победитель GameDev Hackathon!

В Терриконовой долине прошёл GameDev Hackathon, где участники соревновались в создании игровых концепций, дизайне персонажей и решении Event Challenge для предложенной игры. Студент группы Ис-25-3 Владислав Бондарев занял I место и получил главный приз — 300 000 теңге!

***Поздравляем Владислава с блестящей победой и желаем дальнейших творческих успехов и вдохновения!***

«За политехнические знания»
№7(1644) 31 қазан 2025 ж.
Меншік иесі және құрылтайшысы: ӨМК Қарағанды техникалық университеті
Редакцияның мекен-жайы: 100027, Қарағанды қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 56 үй, бас корпусының 403 каб. Тел.: +7 701 394 81 18, 56-24-10 (қос. – 1079).
Эл. пошта: gazeta.kstu@mail.ru. Газетті www.kstu.kz сайтынан оқуға болады.
БАҚ есепке қою туралы куәлігі Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде № 4253-Г 08.10.2003 ж. берілген.
Айына 1 рет жарық көреді. Таралымы: 350 дана.
Газеттің басылған орны: 100027, Қарағанды қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 56 үй, 4 корпус. ҚарТУ баспасы.
Редактор: А. Александров
Фото: Д. Иманалиев, О. Битнер.
Тарату аймағы: Қарағанды техникалық университеті.
Материалдарды қайта басу кезінде газетке сілтеме жасалуы шарт.
Редакция пікірі мақала авторларының пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін.
Редакция мүмкіндігінше авторлық стильді және жарияланымның емлесін сақтайды. Редакция ұсынылған авторлық материалдарды себебін түсіндірусіз қабыл алмауға құқылы. Қолжазбаларға пікір жазылмайды және қайтарылмайды.